



АЙГАК MEDIA

Gazet Qazaqstan Jurnalistika Akademiasynyn "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jurnalistler odaqynyn Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndagý sylyqtarynyn, "Altyn júrek" sylygynyn iegeri



ПРЕЗИДЕНТ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА МҮШЕЛЕРІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТУДЫ ТАПСЫРДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев дүние жүзінің ең мықты спортшылары бақ сынайтын Италиядағы XXV Қысқы Олимпиада ойындары мен XIV Қысқы Паралимпиаданы айрықша маңызды оқиға деп атады.

– Олимпиада ойындарына 40-қа жуық спортшымыз қатысады. Олар спорттың 10 түрінен жарысқа түседі. Ұлттық құрама мүшелерінің жартысынан көбі Олимпиадаға алғаш рет бара жатыр. Жаһандық бәсеке сіздер үшін зор мүмкіндік әрі үлкен сынақ болмақ. Қысқы Олимпиадаға жолдама алу үшін спортшыларымыз көптеген белестен өтті. Түрлі халықаралық жарыста табысты өнер көрсетіп, 17 алтын, 31

күміс және 21 қола медальға ие болды. Сонымен бірге біз Паралимпиада ойындарында ел абыройын қорғайтын спортшыларымызға зор сенім артамыз. Паралимпиадашылардың ерекше құлшынысы және мықты ерік-жігері көпке үлгі. Наурыз айының басында Италияда өтетін Паралимпиада ойындарына өзiрге 10 лицензия алдық. Лицензия саны өлі де көбеюі мүмкін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы төрт жылда бір өтетін байрақты бәсекеге қазақстандық спортшылар тыңғылықты дайындалғанына тоқталып, Қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарында шын мықтылар күш сынаса-

тынын айтты.

– Әрине, спортта жеңісті болжау мүмкін емес. Бірақ Сіздер қатаң іріктеулерден сүрінбей өтіп, Қазақстанның олимпиадалық құрамасына мүше болдыңыздар. Осының өзі, Сіздердің өлеуеттеріңізді, жеңіске деген ұмтылыстарыңызды танытады. Тәуелсіздік алған уақыттан бері спортшыларымыз Қысқы Олимпиада ойындарында шеберлік танытып, бірнеше мәрте жеңіс тұғырынан көріне білді. Владимир Смирнов, Людмила Прокашева, Елена Хрусталева, Денис Тен, Юлия Галышева сияқты Олимпиада жүлдегерлерінің есімдері отандық спорт тарихына алтын әріптермен жазылды. Өлемдік спорттағы ірі ареналарда топ жарған отандық атлеттердің құрметіне талай рет Өнұран шырқалып, еліміздің Туы көкте желбіреді. Алдағы уақытта да жарқын жеңістер күтіп тұрғанына сенімдімін. Жақында Ұлттық құрылтай отырысында атап өткенімдей, спорттағы жетістіктер тұтас еліміздің мәртебесін көтеріп, жалпыұлттық бірлікті және Қазақстан Республикасының қазіргі әлемдегі беделін нығайтады, – деді

Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент намысты қолдан бермеген спортшыларымыз талай бәсекеде топ жарып, еліміздің мерейін асырып, нағыз жасампаз отаншылдықтың үлгісін көрсетіп жүргенін атап өтті.

– Әр азаматымыздың жетістігі – Қазақстанның жетістігі. Әр спортшының абыройы – барша қазақтың беделі. Жеңіске жету үшін талап пен табандылық керек. Сіздер шеберліктеріңізді шындап, аянбай әрбек еттіңіздер. Соның арқасында дүбірлі додаға қатысуға мүмкіндік алдыңыздар. Олимпиада чемпионы болу – әр спортшының арманы. Осы мақсатқа бір табан жақын тұрсыздар. «Ел сенімі – ерге жүк» дейді халқымыз. Баттарыңыз және бақтарыңыз қатар шауып, жүлдемен келесіздер деп сенемін. Барша халқымыз Сіздерге жанкүйер, тілекші болады. Бәріңізге сәттілік, жеңіс тілеймін! Көк Туымыз әрдайым биікте желбірей берсін! – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын Ұлттық құраманың мүшелері Денис Никиша мен Аяулым Әмреноваға және Қазақстан паралимпиадалық командасының мүшесі Ербол Хамитовқа табыстады.

Ақорда.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА:

БИЛІК АРХИТЕКТУРАСЫН ҚАЙТА ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

Астанада өткен Конституциялық комиссияның екінші және үшінші отырыстары елдегі ауқымды саяси реформаның нақты мазмұнын айқындап берді. Бұл жиындар Конституцияны тек құқықтық құжат ретінде емес, мемлекет пен қоғам арасындағы жаңа қоғамдық келісімнің негізі ретінде қайта пайымдау үдерісінің басталғанын көрсетті.

Конституциялық комиссия жұмысының басты ерекшелігі – ашықтық пен жариялылық. Комиссия отырыстарының тікелей эфирде көрсетілуі, сондай-ақ азаматтар мен сарапшылардан 2 мыңнан астам ұсыныстың келіп түсуі реформаның «жоғарыдан төмен» емес, керісінше қоғамның белсенді қатысуымен жүріп жатқанын аңғартады.

ҚР Конституциялық сотының төрайымы Эльвира Азимова атап өткендей, барлық ұсыныстар Жинақталған кестеге енгізіліп, жүйеленген. Бұл – қоғамдық пікірдің жай ескеріліп қана қоймай, нақты институционалдық шешімдерге айналуына мүмкіндік беретін маңызды қадам.

Екінші отырыста ұсынылған негізгі өзгерістердің бірі – кадрлық тағайындау тәртібін қайта қарау. Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев баяндағандай, Президенттің бірқатар жоғары лауазымдарды Құрылтайдың келісімімен тағайындауы билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті күшейтуді көздейді. Бұл Президент өкілеттігін шек-



теу емес, керісінше оның шешімдеріне қоғамдық-саяси легитимділік беру тетігі ретінде қарастырылып отыр.

Сонымен қатар вице-президент институтының енгізілуі – саяси жүйені институционалдық тұрғыдан күрделендіретін, бірақ сонымен бірге тұрақтылықты арттыратын қадам. Вице-президенттің партиялық және кәсіпкерлік қызметтен шеттетіліп, таза мемлекеттік функция атқаруы биліктің бейтараптығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Әкімшілік соттардың конституциялық мәртебе алуы – реформаның

құқықтық өзегін айқындайтын маңызды өзгеріс. Бұл қадам жария-құқықтық дауларда азаматтардың мүддесін қорғауды күшейтіп, мемлекет пен азамат арасындағы қатынастарды құқықтық арнаға түсіруге бағытталған. Мұндай өзгеріс қоғамның сот билігіне деген сенімін арттыруға ықпал етуі тиіс.

Сенат депутаты Нұрлан Бекназаров ұсынған бірпалаталы Парламентке көшу идеясы саяси жүйені ықшамдап қана қоймай, заң шығару процесінің жеделдігі мен жауапкершілігін арттыруды көздейді.

Жалғасы 2-ші бетте

ПОЛЬШАЛЫҚ КОМПАНИЯ ШЫМКЕНТТЕ ІРІ ЖЫЛЫЖАЙ САЛУФА НИЕТТІ

Қазақстанда агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған ірі инвестициялық жоба іске асырылмақ. Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров пен Fabe Polska компаниясының басқарма төрағасы Фатих Будан Шымкент қаласында заманауи жылыжай кешенін салу жөніндегі инвестициялық келісімге қол қойды. Жоба аясында жылына 38 мың тонна қызанақ өндіретін жоғары технологиялы өндіріс орны бой көтереді. Жалпы инвестиция көлемі шамамен 69 млрд теңгені құрайды.

Аталған жоба өңір экономикасы үшін маңызды мультипликативтік әсерге ие болмақ. Жылыжай кешенінің іске қосылуы жаңа жұмыс орындарын ашып, жергілікті халықты тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ішкі нарықты отандық өніммен қамтамасыз ету арқылы импортқа тәуелділікті азайтып, азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етеді. Артық өндіріс көлемі экспортқа бағытталып, елдің валюталық түсімін арттыруға жол ашады.

Кездесу барысында Айдарбек Сапаров жобаның стратегиялық маңызын атап өтіп, оның ұлттық экономиканы өртаратпандырудағы рөлін ерекше атап өтті.

«Мемлекет басшысы инвестиция тарту, әсіресе аграрлық секторды дамыту мәселесіне айрықша көңіл бөліп келеді. Бұл жоба импортты алмастырумен қатар, экспорттық әлеуетті күшейтуге тікелей әсер етеді. Заманауи жылыжай технологияларын енгізу арқылы өнімнің өзіндік құны төмендеп, бәсекеге қабілеттілік артады. Министрлік жобаны іске асырудың барлық кезеңінде жан-жақты қолдау көрсетуге дайын», – деді министр.

Fabe Polska компаниясының басқарма төрағасы Фатих Будан жобада энергия үнемдейтін технологиялар мен халықаралық тұрақты даму стандарттарына сай басқару жүйелері қолданылатынын жеткізді. Оның айтуынша, бұл тәсіл өндіріс тиімділігін арттырып қана қоймай, экологиялық жүктемені азайтуға және ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Айта кетейік, бұған дейін қол қойылған өзара түсіністік туралы меморандум аясында Fabe Polska компаниясы алдағы бес жылда Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеніне шамамен 137 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция салуды жоспарлап отыр. Бұл қаражат жаңа өндірістерді іске қосуға, технология трансфертіне және агросектордағы өнімділікті арттыруға бағытталмақ. Арайлым ӘБСАФАТ.

Бетті жинақтап дайындаған: Арайлым ӘДІПХАНҚЫЗЫ.

ЕЛІМІЗДЕ ЖАҢА ТӨРТ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде фармацевтика саласында отандық өндіріс үлесін арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Үкімет фармацевтикалық өндірістерді локализациялау бойынша ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен «АлТИНФАРМ» ЖШС, «МСП-РОМФАРМ» ЖШС, «Абди Ибрагим Глобал фарм» ЖШС және «Нобел Алматы фармацевтика фабрикасы» АҚ арасында инвестициялар туралы келісімдер жасасуды мақұлдады. Бекітілген жобаларға тартылған инвестициялардың жалпы көлемі 173 млрд теңге. Премьер-министр Олжас Бектенов тиісті қаулыларға қол қойды.

Жобаларды жүзеге асыру арқылы өлеуметтік маңызы бар дәрілік заттарды қоса алғанда, 356 дәрі-дәрмек түрінің өндірісін локализациялау көзделген. Өндірістік желі онкологиялық аурулар мен қант диабетін емдеуге арналған дәрілерді, сондай-ақ иммунобиологиялық, вирусқа қарсы, антианемиялық, ауырсынуды басатын, қабынуға қарсы, суық тиюге қарсы және микробтарға қарсы препараттарды қамтиды.

Жаңа кәсіпорындар Алматы қаласында (екі жоба), Түркістан және Алматы облыстарында орналасады.

Атап айтқанда, «АлТИНФАРМ» ЖШС жобасы бойынша фармацевтикалық зауытты Алматы қаласындағы «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында салу көзделіп

отыр. Инвестиция көлемі – 58,5 млрд теңге. Жоба аясында 54 дәрілік зат түрін шығару жоспарланған, оның 35-і – өлеуметтік маңызы бар препарат. Өндірістік портфельге иммунобиологиялық препараттар, сондай-ақ онкологиялық аурулар мен қант диабетін емдеуге арналған дәрі-дәрмектер кіреді. Жоба аясында 60 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Стратегиялық серіктестер ретінде Sinopharm, Sinovac және Kangtai Biological Technology компаниялары қатысады.

«Нобел Алматы фармацевтика фабрикасы» АҚ жобасы сондай-ақ Алматыда халықаралық GMP стандарттарына сәйкес белсенді фармацевтикалық ингредиенттерді, дәрілік заттар мен биопрепараттар өндіруге арналған фармацевтикалық кешен салуды көздеп отыр. Инвестиция көлемі – 39,2 млрд теңге. 53 дәрілік зат шығару жоспарланған, оның ішінде 17-сі – өлеуметтік маңызы бар. Жоба аясында кемінде 200 жұмыс орнын ашу көзделген. Стратегиялық серіктес – Nobel Элаз.

«Абди Ибрагим Глобал фарм» ЖШС жобасы аясында Алматы облысында көпсалалы өндірістік желілері бар фармацевтикалық кешен құру көзделген. Инвестиция көлемі – 39 млрд теңге. 76 дәрілік зат шығару жоспарланған, оның ішінде вирусқа қарсы препараттар, II типті қант диабетін емдеуге арналған дәрі-дәрмектер және антианемиялық



препараттар бар. Жоба аясында кемінде 150 жұмыс орны ашылады. Стратегиялық серіктес – Abdi Ibrahim.

«МСП-РОМФАРМ» ЖШС жобасы бойынша инвестициялардың жалпы көлемі 36,7 млрд теңге болатын жоғары технологиялы фармацевтикалық зауытты Түркістан облысындағы TURAN арнайы экономикалық аймағында және Алматы облысындағы

өндірістік алаңдарда салу көзделген. Жоба аясында 101 дәрілік зат, оның ішінде ауырсынуды басатын, қабынуға қарсы, суық тиюге қарсы және микробтарға қарсы препараттар өндіру жоспарланған. Шамамен 265 жұмыс орны ашылады. Жобаның серіктестері – World Medicine және Rompharm компаниялары.

Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру шеңберінде барлығы шамамен 675 жаңа жұмыс орны ашылады.

Зауыттар құрылысы және оларды іске қосу қазақстандық дәрілік заттар өндірісінің үлесін айтарлықтай арттыруға, фармацевтика нарығындағы импортқа тәуелділікті азайтуға, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесінің тұрақтылығын нығайтуға және халықты отандық өндірістің сапалы өрі қолжетімді дәрі-дәрмектерімен қамтуға мүмкіндік береді. Бұл дәрі-дәрмек қауіпсіздігін арттыру мен денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығын күшейтудің маңызды элементтерінің біріне айналады.

«Айғақ»-ақпарат.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: БИЛІК АРХИТЕКТУРАСЫН ҚАЙТА ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

145 депутаттан тұратын Құрылтай пропорционалды жүйе бойынша сайланып, сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар азаматтардың сайлау құқығын шектеу ұсынылуы – саяси тазалыққа деген талаптың күшейгенін көрсетеді.

Реформаның ең көп талқыланған жаңалығы – Халық кеңесінің конституциялық мәртебе алуы. Бұл орган тек консультативтік құрылым ғана емес, мемлекеттің ішкі саясатына, ұлттық бірлікке және қоғамдық келісімге қатысты маңызды ұсыныстар өзірлейтін алаң ретінде қарастырылуда. Заң шығару бастамасына қатысу және референдум тағайындауға ұсыныс енгізу құқығы Халық кеңесін саяси жүйенің белсенді элементіне айналдырады.

Үшінші отырыста парламенттік фракция жетекшілерінің сөз сөйлеуі реформаның көппартиялық қолдауға ие екенін көрсетті.

- «AMANAT» партиясы пропорционалды жүйе мен праймериздердің саяси бәсекені күшейтетінін атап өтті;
- «Ауыл» партиясы экологияны ұлттық басымдық деңгейіне көтеруді ұсынды;
- «Ақ жол» реформаны бүкіл конституциялық жүйені жаңғырту деп бағалады;
- ЖСДП реформаның ашықтық пен есептілікті арттыруға бағытталғанын айтты;
- «Respublika» партиясы жас буын мен экономикалық даму мүддесіне назар аударды;
- Қазақстан халық партиясы «Заң мен Тәртіп» қағидатын конституциялық деңгейде бекітудің маңызын көтерді.

Бұл пікірлер өртүрлі болғанымен, барлығы реформаның стратегиялық бағытына – әділетті, ашық және қоғамға жақын мемлекет құру мақсатына тоғысады.

Конституциялық комиссия-

ның екінші және үшінші отырыстары көрсеткендей, реформа – жекелеген баптарды түзету емес, Қазақстанның саяси архитектурасын түбегейлі қайта құруға бағытталған процесс.

Билік пен қоғам арасындағы сенімді нығайту, саяси жауапкершілікті арттыру және азаматтардың құқықтарын нақты кепілдендіру – осы реформаның басты өзегі.

Ал бұл өзгерістердің табысты болуы бір ғана Конституция мәтініне емес, оны жүзеге асыратын саяси мәдениет пен қоғамдық бақылаудың деңгейіне тікелей байланысты болмақ.

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ПОЙЫЗДАРДА ТЕГІН ЖҮРЕ АЛАДЫ

ҚР ПМ Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығында әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне пойызбен тегін қатынау құқығын іске асыруға арналған кешенді іс-шара өтті.

Жиын барысында жеке құрамға жаңа өлеуметтік бастаманың мазмұны түсіндіріліп, оны өңірлерде тиімді жүзеге асыру тетіктері кеңінен талқыланды. Іс-шара аясында 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасындағы барлық күштік құрылымның әскери қызметшілері мен олардың отбасы мүшелері жылына бір рет ел аумағында жолаушылар пойыздарымен тегін қатынай алатыны жөнінде нақты мәлімет берілді. Бұл бастама әскери қызметшілердің өлеуметтік жағдайын жақсартуға және олардың отбасымен бірге сапарлау мүмкіндігін арттыруға бағытталған.

Ақпараттандыру барысында “Жолаушылар тасымалы” АҚ тасымалдау экономикасы және есебі департаментінің бас менеджері Айнұр Базарбаева тегін жол жүру құқығы тек Қазақстан ішіндегі бағыттарда қатынайтын

V Ұлттық құрылтайда қабылданған шешімдер аясында Көлік министрлігі елдің автожол инфрақұрылымын жаңғырту мен транзиттік әлеуетін дамытуға бағытталған Президент тапсырмаларын орындауға кірісті, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

«Қызылорда – Жезқазған» автомобиль жолы жобасын іске асыру аясында жалпы ұзындығы 400 шақырымды құрайтын жолдың Қызылорда облысы аумағындағы 192 шақырымының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Қалған 208

КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУҒА КІРІСТІ



шақырымда құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасуда. Аталған жолда 2026 жылдың соңына дейін көлік құралдары үшін қозғалысты толық ашу жоспарланған.

2026 жылдан бастап бірқатар ірі автожол жобаларын іске асыру жоспарланған. Атап айтқанда, халықаралық «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі бойындағы «Қызылорда – Ақтөбе» бағытында төрт жолақты жаңа автомагистраль салынып, сондай-ақ, «Қызылорда – Жезқазған» автомобиль жолын кезең-кезеңімен төрт жолаққа дейін кеңейте отырып салу көзделген. Бұдан бөлек, елдің оңтүстігіндегі көлік ағындарын азайту мақсатында Сарыағаш қаласын айналып өтетін жол салу жобасы жүзеге асырылады. Аталған жобаларды іске асыру «толық цикл» («под ключ») қағидаты бойынша қарастырылған.

Қазіргі кезеңде халықаралық қаржы ұйымдарымен келісімдерге қатысты дайындық жұмыстары толық аяқталды. Қазір конкурс рәсімдері өткізіліп жатыр, ал құрылыс-монтаж жұмыстары 2026 жылдың екінші жартысында басталады деп жоспарланып отыр.

Жалпы ұзындығы 500 шақырым жоғары болатын «Бейнеу – Сексеуіл» автожолы жобасы ерекше бақылауда. Бүгінде техникалық-экономикалық негіздеме дайындалып, мемлекеттік сараптамадан оң қорытынды алынған. Барлық рәсімдер аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру жұмыстары басталмақ.

Автожол жобаларының жүзеге асырылуы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің қатаң бақылауында.



Сурет: ЖИ көмегімен жасалды

жолаушылар пойыздарына қолданылатынын атап өтті. Сондай-ақ аталған шығындар “Қазақстан темір жолы” ұлттық компаниясының қаражаты есебінен өтелетінін түсіндірді. Жиынға қатысқан “Қазақстан темір жолы” ұлттық компаниясы АҚ тариф саясаты департаментінің директоры Диас Түсіпбеков әскери қызметшілер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, жеңілдікті пайдалану барысында туындауы мүмкін техникалық және ұйымдастырушылық мәселелерге тоқталды.

Іс-шара қорытындысында ҚР ПМ Ұлттық ұланы Бас қолбасшысының тәрбие және өлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары Қайрат Үмбетов бұл бастаманың маңызын атап өтті. Ол жобаны іске асыру барысында белгіленген талаптардың қатаң сақталуы қажеттігін айтып, аталмыш өлеуметтік қолдаудың әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің өлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға, демалысты алдын ала жоспарлауға және жол шығындарын едәуір азайтуға мүмкіндік беретінін жеткізді.

БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТТІҢ БАСТЫ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ – ШЕШІМ ШЫҒАРУДАҒЫ ЖЕҢІЛДІК

Қызылордада өткен V Ұлттық Құрылтай-да Мемлекет басшысы елдің саяси жүйесін жаңғыртуға бағытталған бірқатар маңызды бастаманы ортаға салды. Солардың ішінде қоғам назарын ерекше аудартқаны — Қазақстанда бір палаталы Парламент құру және оны «Құрылтай» деп атау жөніндегі ұсыныс. Бұл — тек құрылымдық өзгеріс емес, мемлекеттік басқару философиясына қатысты мәселе.

Бір палаталы парламент дегеніміз — заң шығару өкілеттігінің бір органға шоғырлануы. Мұндай модельдің басты артықшылығы — шешім қабылдаудағы жеделдік. Қазіргі әлемдік жағдайда геосаяси сын-қатерлер мен экономикалық тұрақсыздық кезеңінде уақыт ұтудың маңызы артып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, заң қабылдау үдерісін созбалаға салмай, нақты нәтиже шығаруға мүмкіндік беретін жүйелерге сұраныс күшейді.

Әлемдік тәжірибе бұл тәсілдің өміршең екенін көрсетеді. Мәселен, Швеция жарты ғасырдан астам уақыт бойы бір палаталы парламентпен басқарылып келеді. Бұл елде заң жобалары ашық комитеттік талқылаудан өтеді, қоғамдық пікір ескерусіз қалмайды. Финляндияда парламент атқарушы билікке нақты бақылау орнатып, үкімет мүшелерін тұрақты есеп беруге міндеттейді. Ал Жаңа Зеландияда бір палаталы жүйе саяси тұрақтылықты әлсіретпей, керісінше, басқарудың тиімділігін арттырды.

Бір палаталы парламенттің тағы бір маңызды қыры — жауапкершіліктің айқындығы. Халық үшін «кім жауапты?» деген сұрақтың жауабы нақты болады. Заңның сапасы да, салдары да бір органның мойнында. Бұл депутаттарды формальды шешімдерден гөрі, елге нақты пайда әкелетін бастамаларға ден қоюға итермелейді.

Сонымен қатар, мұндай жүйе мемлекеттік шығындарды оңтайландыруға жол ашады. Қайталанатын аппараттық құрылымдардың қысқаруы бюджеттің әлеуметтік бағыттағы мүмкіндігін арттыруға мүмкін. Әсіресе өңірлерді дамыту, инфрақұрылым, білім мен денсаулық сақтау салалары үшін маңызды.

Алайда бір палаталы модельдің төуекелдері де жоқ емес. Екі палаталы жүйеде заң жобалары бірнеше сүзгіден өтіп, аймақтық және салалық мүдделер кеңірек қамтылатын. Сондықтан жаңа форматта қоғамдық бақылау, сараптамалық бағалау, ашық пікірталас институттары әлсіреп кетпеуі тиіс. Керісінше, олардың рөлі күшейтілуі қажет.

Қазақстан жағдайында ең өзекті мәселе — өңірлердің дауысы. Территориясы кең, әлеуметтік айырмашылығы бар елде аймақ мүддесі ескерусіз қалмауы тиіс. Осы себепті бір палаталы парламентке көшу барысында өңірлік өкілдікті қамтамасыз ететін нақты тетіктер қарастырылуы маңызды.

Ұсынылып отырған «Құрылтай» атауы да терең мағынаны аңғартады. Қазақ тарихында құрылтай — ел тағдыры талқыланып, ортақ мәміле жасалатын алаң болған. Егер жаңа орган осы мазмұнды сақтап, формальды құрылымнан гөрі шынайы пікірталас кеңістігіне айналса, оның қоғамдық салмағы арта түсері сөзсіз.

Қорытындылай келе, бір палаталы парламент — дайын үлгі емес, саяси жауапкершілігі жоғары таңдау. Оның тиімділігі құрылымнан бұрын мазмұнға, ашықтыққа және қоғам сеніміне байланысты. Бұл бастама кең қоғамдық келісімге сүйеніп жүзеге асқанда ғана ел дамуына қызмет ететін пәрменді институтқа айнала алады.

Дулат ӘБІШ,

Түркістан облыстық мәслихатының депутаты

Түркістан облысына жұмыс сапары барысында Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Жетісай ауданындағы магистральды каналдарды тазалау жұмыстарының барысы мен нәтижелері туралы есепті тыңдады.

«Қазушар» РМК-ның жергілікті филиалы ұзақ жылдардан бері алғаш рет К-21 және К-34 магистральды каналдарында механикалық тазалау жұмыстарын жүргізді. Қазіргі таңда К-25 каналында жұмыстар жалғасып жатыр.

Аудандағы ең ірі каналдардың бірі саналатын К-21 каналы үш ауылдық округтегі 20 мың гектар суармалы жерді сумен қамтамасыз етеді. Бүгінде арнайы техниканың көмегімен



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ТУРИЗМІН ДАМУДАТЫН ЖОБА

2026 жылдың 20–25 наурыз аралығында халықаралық «Jibek Joly» туристік пойызы алғаш рет Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстанды біртұтас мәдени-танымдық маршрут аясында байланыстырады. Бұл жолы жобаның географиясы кеңейіп, туристік бағыт Душанбе қаласына дейін ұзартылып отыр. Аталған бастама Орталық Азиядағы өңіраралық туризмді дамытудың жаңа кезеңін айқындайды.

Ұлы Жібек жолының тарихи қалалары арқылы өтетін бағыт Алматыдан басталып, Түркістан, Самарқан, Душанбе және Ташкентті қамтиды. Бұл қалалар тек тарихи-мәдени мұра орталықтары ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы туристік инфрақұрылымы дамып келе жатқан ірі хабтар болып саналады. Бір маршрут аясында бірнеше елді қамту туристер үшін логистикалық тұрғыдан қолайлы әрі экономикалық жағынан тиімді шешім ұсынады.

«Jibek Joly» туристік пойызының іске қосылуы теміржол туризмін дамы-

туға серпін берумен қатар, өңірдегі ішкі және халықаралық туризмге кешенді әсер етеді. Біріншіден, бұл жоба маусымаралық кезеңде туристік ағынды арттыруға мүмкіндік береді. Наурыз мейрамы мен қасиетті Рамазан айының аяқталуымен тұспа-тұскелуі туристік өнімнің тартымдылығын еселей түседі.

Екіншіден, туристік пойыз форматы жеке туризмнен гөрі ұйымдасқан, қауіпсіз әрі сапалы саяхатқа сұранысты арттырады. Туристік пакеттің құрамына пойызбен қатынау, көсіби гидтердің қатысуымен дайындалған экскурсиялар, тарихи нысандарға кіру билеттері және трансфер қызметтерінің енгізілуі туристерге «бөрі қамтылған» үлгісіндегі кешенді қызмет ұсынады. Бұл өз кезегінде туристердің өңірде ұзақ уақыт болуына және тұтыну шығындарының артуына ықпал етеді.

Үшіншіден, маршрут бойындағы шағын және орта бизнеске, әсіресе қонақ үйлерге, қоғамдық тамақтану орындарына, қолөнер шеберлеріне, гидтер мен кө-

лік қызметін көрсетушілерге қосымша экономикалық мүмкіндік береді. Туристік пойыз тек жолаушы тасымалдау құралы емес, жергілікті экономиканы жандандыратын құрал ретінде қарастырылады.

Жобаның тағы бір маңызды қыры — мәдени туризмді дамыту және Орталық Азияны біртұтас туристік бренд ретінде ілгерілету. Сапар барысында туристер Наурыз мейрамының салтанатты шараларына, ұлттық музыка мен би өнеріне, салт-дәстүрлерге куә болып, өңір халықтарының ортақ мәдени тамырларын тереңірек танып-біледі. Бұл мәдени дипломатияның «жұмсақ күш» тетіктерін күшейтіп, елдер арасындағы гуманитарлық байланыстарды нығайтады.

Сонымен қатар Душанбе бағытының қосылуы Тәжікстанды халықаралық туристік айналымға кеңірек тартуға мүмкіндік береді. Бұл Орталық Азиядағы туристік маршруттардың алуан түрлілігін арттырып, өңірдің жаһандық туристік картадағы тартымдылығын

40 ЖЫЛ ТАЗАРТУ КӨРМЕГЕН КАНАЛДАР

каналдың барлық 22,8 шақырымы толық тазартылды. Бұл нысанда мұндай ауқымды жұмыстар соңғы 40 жылдан астам уақыт ішінде алғаш рет жүргізіліп отыр.

Ұзындығы 18,5 шақырым болатын К-34 каналында төменгі бөліктегі 7,5 шақырым учаскені тазалау жоспарланған. Вегетация кезеңінде бұл бөлікте суды жеткізуде қиындықтар туындайтын. Енді оны тазалау жұмыстары толық көлемде аяқталды.

Ал ұзындығы 28,2 шақырымды құрайтын К-25 каналы Жетісай ауданындағы үш ауылдық округтің 13 мың гектар жерін суармалы сумен қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда

мұнда 10 шақырым учаскеде механикалық тазалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстарға бес арнайы техника тартылған. Бүгінге дейін 4 шақырым канал тазартылды.

«Министрлік

«Қазушар» филиалдарын жаңа өрі заманауи арнайы техникамен қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыс атқарып келеді. Бүгінде шамамен 600 техника жеткізілді. Жоспарланған барлық жобаны сапалы іске асыру үшін барлық жағдай жасалған. Каналдарды тазалау жұмыстары вегетация кезеңі басталғанға дейін аяқталуы тиіс, бұл шаруаларды сумен уақытылы өрі сапалы қамтамасыз ету үшін қажет», — деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Жергілікті тұрғындар атқарылған жұмыстар үшін Су ресурстары және ирригация министрлігіне және «Қазушар» РМК-ның Түркістан филиалына алғыстарын білдіріп жатыр.

«Былтыр К-34 каналында лайлану мен өсімдіктердің көбеюіне байланысты су жеткізуде қиындықтар болған еді. Қазір жүргізілген жұмыстардың арқасында канал толық тазартылды. Биыл шаруалар су мәселесімен бетпе-бет келмейді деп үміттенеміз. Техника болмағандықтан, мұндай ауқымды тазалау жұмыстары көптен бері жүргізілмеген еді. Министрліктің жұмысының арқасында енді мұндай мүмкіндік пайда болды», — дейді Жетісай ауданындағы Теміржол ауылының тұрғыны Сахтілә Темірәлиев.

күшейтеді.

«Jibek Joly» туристік пойызы «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ-ның бастамасымен, «Өзбекстан темір жолдары» және «Қазақстан туристік индустриясы» СРО республикалық қауымдастығының қолдауымен жүзеге асырылып отыр. Теміржол туризмі экологиялық тұрғыдан салыстырмалы түрде қауіпсіз, көмірқышқыл газының шығарындылары аз және ұзақ қашықтықтағы саяхаттар үшін тиімді көлік түрі ретінде бағаланады.

Осы тұрғыдан алғанда, жоба тұрақты туризм қағидаттарына сай келеді және болашақта Орталық Азия аумағында басқа да трансшекаралық туристік бағыттарды дамытуға үлгі бола алады.

«Jibek Joly» туристік пойызы — бұл тек туристік өнім емес, Орталық Азия елдерінің экономикалық, мәдени және гуманитарлық ықпалдастығын тереңдетуге бағытталған стратегиялық жоба. Ол өңірді халықаралық туристер үшін тартымды етіп қана қоймай, ішкі туризмді де жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

ТҮРКІСТАНДА КАПСУЛАЛЫ ҮЙЛЕР МЕН СЭНДВИЧ-ПАНЕЛЬ ШЫҒАРЫЛЫП ЖАТЫР

гінің тікелей қолдауымен салынған шағын өндірістік паркте инвесторлар үшін жаңа ғимараттар бой көтерген. Солардың бірінде «BNK Group» компаниясы Қытайдың «SHANDONG CAMOVA WISDOM CULTURE TRAVEL» компаниясымен бірлесіп, капсулалы эконоқонаүйлерді және өзге де инновациялық модульдік нысандарды қамтитын заманауи смарт-құрылыстар өндірісін іске қосқан.

Жоба заманауи жобалау және өндіріс технологияларын қолдану арқылы жүзеге асырылуда. Бұл бастама туристік, қалалық және инфрақұрылымдық салаларға арналған энергия үнемдейтін, мобильді әрі көпфункционалды шешімдер мен дайын бөлмелерді шығаруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 200 данаға дейін дайын өнім шығаруға жетеді.

Аталған смарт-құрылыстарды ішкі туризмді дамыту, туристік кластерлер қалыптастыру, қалалық ортаны абаттандыру, сондай-ақ әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мақсатында пайдалануға болады.

Жоба өңірде жоғары технологиялық өндірісті дамытуға, инвестициялар тартуға және заманауи құрылыс шешімдерін енгізуге бағытталған.

Сонымен бірге «BNK Group» компаниясы өз өндірістік базасында заманауи сэндвич-панельдер шығаруды жолға қойды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БАС ПРОКУРАТУРАДА ЖИЫН ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысы елімізде ауқымды өзгерістер жасалып жатқанын және алдымызда Конституциялық реформа жүргізу, мүлде жаңа саяси жүйеге қадам басу міндеті тұрғанын айтты.

Сонымен қатар жаңа дәуірде барлық салаға цифрландыру мен жасанды интеллектті жаппай енгізу жұмысымен белсенді түрде айналысу қажет екенін атап өтті.

– Қоғамымызға, жалпы елімізге заң үстемдігі, тәртіп мықтылығы ауадай қажет. Кейбір шет елдерде болып жатқан қазіргі өте күрделі ахуалды көріп, бұл саясатымыздың дұрыстығына бәріміздің көзіміз жетіп отыр, оған ешқандай күмән жоқ. Заң мен тәртіп мемлекеттік саясатымыздың негізгі қағидаты ретінде қабылдануы керек, бұл қағидатты жаңа Конституциямызға міндетті түрде енгізу қажет деп санаймын. Себебі бұл ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын, өміршең қағидат екені даусыз. Бас прокуратураның осы саладағы рөлі аса маңызды. Прокуратура қызметкерінің заңның бұзылуына бейтарап, селқос қарауға құқығы жоқ, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау жүйесін цифрландыру үдерісі біркелкі емес, яғни әр жерде әрқалай жүргізіліп жатқанына назар аударды.

– Әр мекеме цифрлық жүйесін өз бетімен дамытуда. Бұл шаруа жүйесіз жүргізіліп жатыр. Біртұтас жүйе жоқ. Мысалы, кейбір органдар цифрлық тәсілдерді ұтымды қолданып жұмыс істеуде. Ал кейбірі дұрыс амал-тәсіл таба алмай, қыруар қаржы жұмсап жүр. Бұл, басқа сөзбен айтқанда, нағыз жымқыру. Сондықтан қаражатты орынсыз жұмсап, жаңа дүние жасаудың қажеті жоқ. Үкіметке қолданыстағы барлық цифрлық шешімдерді саралап, тексеріп, олардың тиімділігін арттыруды тапсырамын. Күштік құрылымдарға арналған түсінікті құрылымы бар және технологиялық стандарттары біркелкі бірыңғай цифрлық экожүйе жасалуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент азаматтардың дербес деректерін қорғау қажет екенін айтты.

– Ақпараттық кеңістікте азаматтардың дербес де-



ректері жарияланып кеткені туралы хабар жиі шығып жатады. Дербес деректерді барынша қорғау үшін бұл жұмыспен жүйелі түрде айналысу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы киберқылмыспен күрес мәселесіне тоқталды.

– Әлемде киберқылмыс өршіп барады. Жыл сайын мыңдаған азаматымыз соның құрбаны болып жатыр. Қазір интернеттегі алаяқтық қылмыстардың бестен бірі ғана ашылады. Бұл – өте төмен көрсеткіш. Киберқылмыспен күрес тәсілдерін түбегейлі қайта қарау қажет. Цифрлық қатерге төтеп беру үшін құқық қорғау органдары бір қадам алда жүруге тиіс. Озық ойлап, артта қалмаудың амалын табу қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев көші-қон үдерістерін жаппай цифрландыруды өте өзекті мәселе ретінде атады.

– Көші-қон үдерістерін жаппай цифрландыру керек. Бұл – өте өзекті мәселе. Баяғыдан бері талқылап жатырмыз, дұрыс, оң нәтиже аз. Қазір әлемде күрделі ахуал қалыптасып отыр. Дүние жүзінде кең ауқымды көші-қон жүріп жатыр десек, қате болмайды. Қоныс аударғысы келетін шетелдіктер үшін Қазақстан – басқа елдерге өтуге де, тұрақтап қалуға

да қолайлы мемлекет. Елге келген шетел азаматтарын уақтылы есепке алып, олардың жүріс-тұрысын бақылайтын техникалық құралдарды жетілдіру – аса маңызды міндет. Үкіметке Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, осы жұмысты тездетуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент әлеуметтік желіде ақпарат таратуда заң талаптары ескерілуі қажет екенін айтты.

– Технологияның қарқынды дамуы ақпараттық кеңістіктің түбегейлі трансформациясына жол ашады. Қоғамды жікке бөліп, азаматтарды бір-біріне қарсы қоятын деструктивті ақпарат таратуға бейіл адамдар да бар. Мұның бәрі өшпенділікке бастайтын ешкімге қажетсіз, тіпті қауіпті пікірталасқа жалғасады. Жасанды интеллектті осындай адамдар ақпараттық қаруға айналдырып, заңға қайшы келетін контенттерді көптеп тарата бастайды. Бұған жол беруге болмайды. Ондай әрекеттерге құқықтық баға беріп, жауапкершілікке тарту қажет. Азаматтарға деструктивті контентті таратудың құқықтық салдары жөнінде үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тәртіпсіздік пен заңсыздыққа жол беруге болмайтынын атап өтті.

– Ұлттық құрылтай отырысында мен отаншылдық ұғымы туралы пікірімді айттым. Отаншылдық, бұл жай ұран емес, отаншылдық дегеніміз – қасиетті сезім, мұның әсіреуітшылдыққа еш қатысы жоқ. Қазақстанда біз отаншылдық ұғымына жауапкершілік және жасампаздық тұрғысынан қарауымыз керек, яғни отаншыл азамат ең алдымен жауапкершілігі жоғары және жасампаз азамат болуға тиіс. Отанға деген сүйіспеншілік – саяси ұпай жинау немесе қызметтік мансап жасау емес, бұл – Отаныңа жақсылық жасау, еліңе пайда әкелу деген сөз, – деді Президент.

Сонымен қатар жиында Бас прокурор Берік Асыллов, Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Президенттің көмекшісі Қуанышбек Есекеев, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов сөз сөйледі.

Кез-келген адамды, тіпті өзінен ұрлайтын мүлдем ештеңе жоқ деп санайтын адамды да тонап немесе одан ұрлап кетуге болады. Сіздің тұрғын үйіңізден әрдайым ұрылар үшін кішкентай бірдеңе табылады.

Темір есік орнатып, мүлік мүлдем қауіпсіз деп ойлауға болмайды.

Мүлікті қорғауға келгенде ұсақ-түйек нәрсе деген ұғым жоқ.

Бұл мақалада біз пәтерді, әсіресе сіз демалыста немесе үйде уақытша болмаған кезде ұрылардан қалай қорғауға болатындығы туралы кеңестермен бөлісеміз.

ТҰРҒЫН ҮЙДІ ҚОРҒАУ ӘДІСТЕРІ

• Құлпы жақсы есік орнатыңыз. Той-тармасы бар ойма құлып алыңыз. Кілттің айналымдары неғұрлым көп болса, құлып соғұрлым сенімді болады. Ең дұрысы 3-4 айналым болуы керек. Сондай-ақ, ілмекті ішкі жағынан орнату немесе ескі тізбекті ілу дұрыс болады.

Жақсы есік - тұтастай металдан жасалған есік. Есік пәтердің ішіне қарай ашылмауы маңызды (оны бұзу қиынырақ), сонымен қатар есік пен есіктің жақтауы арасында бос орындар болмауы керек.

Егер сіз кедергілер санын көбейтіп, тамбур есігін қосымша орнатсаңыз өте жақсы болады.

• Ұрылар көбіне үйге есіктен емес, терезеден кіреді. Олар пластикалық терезелер арқылы кіруді жөн көреді. Қауіпсіздік тұрғысынан ең жақсысы - стационарлық торлар, оларды кесу немесе жүлу мүмкін емес. Торлар тек 1, 2, 3 және соңғы қабаттардың тұрғындары үшін ғана емес, сонымен қатар терезелері кіреберістердің күнқағарларына қарайтын немесе терезелері газ құбырлары мен өрт сөндіру баспалдақтарының жанында орналасқандарға да қажет. Бірақ өрт кезінде немесе басқа форс-мажор жағдайында стационарлық тор зиян тигізуі мүмкін. Егер пәтерден шығудың жалғыз жолы - терезе болса, онда тығырықтан шыға алмайтын жағдайда қалуыңыз мүмкін.

ҰРЫЛАР ҮШІН ТҰРҒЫН ҮЙДІ ҚАЛАЙ ҚОЛЖЕТІМСІЗ ЕТІП ЖАСАУҒА БОЛАДЫ?

• Шыныға тапсырыс беру сияқты қызмет түрі бар. Пәтер ішінен әйнекке арнайы пленка жабыстырылады, ол бірнеше күннен кейін әйнекпен бірігіп бір бүтін болады. Мұндай терезені таспен немесе балғамен сындыру мүмкін емес, тіпті жарылыс болған кезде де ол жай ғана деформацияланады, бірақ сынбайды. Бұл қызмет арзан емес, бірақ сіз күн мен сыртқы көзден қорғайтын тоналды пленканы таңдай аласыз. Әрі керемет жылу оқшаулағыш болады.

• Терезелерді қорғаудың тағы бір әдісі - роликті жалюзи. Мұндай «жалюзи» - жазғы саяжайға немесе жеке үйге арналған тамаша нұсқа. Олар сыртынан ашылуудан қорғаныспен жабықталған, бірақ ішінен олар батырманы басу арқылы ашылады және жабылады.

• Кәсіби дабылды орнатуға болады. Үйге кіргенде, құлақ тұндыратын гүріл іске қосылып, қырағы көршілеріңіз сіз болмаған жағдайда полиция шақырады. Егер түнде ұрылар үйге кіріп кетсе, бұл нұсқа сіздің өміріңізді сақтап қалуы мүмкін. Сіз құлақ тұндыратын гүрілден оянасыз, ал ұрылар (факт емес, бірақ көбіне солай) қорқып, қашып кетеді.

• Тағы бір нұсқа бар - автономды GSM дабыл жүйесі. Сіздің үйіңізге заңсыз кіру жағдайында құрылғы көрсетілген телефон нөміріне - иесіне, ал иесі, өз кезегінде, полицияға қоңырау шалып, SMS немесе қоңыраулар жібереді (дауыстық модуль жағдайында).

Бір сенімді әдіс - консервж жалдау. Әдетте, бұл кіреберісте тұратындардың бірі, ол «өздерінің» тұрғындарының бәрін таниды және бейтаныс адамды міндетті түрде кіргізбейді. Егер әр пәтерден жинайтын болса - керемет «дабыл құрылғысын» алуға болады.

• Демалысқа шығар алдында пәтер туралы ойланыңыз.

Егер сіз қысқа уақытқа кетіп бара жатсаңыз, жарықты дәлізде қалдырыңыз, балконға келтіру үшін киім іліп қойыңыз, кіреберіске радионы қосып қойыңыз.

Желдеткіш саңылауларды ашық қалдырмаңыз.

Перделерді жауып қойған дұрыс.

Егер сіз газет жаздырып алатын болсаңыз, пошта бөлімшесінен газетті келгенге дейін күнде өкеліп тұруын сұраңыз.

Көршілеріңізбен араласып тұруға тырысыңыз. Көшілеріңізден пошта жәшігіңізден жарнамалық хабарламаларды алып тұруын өтінізіз.

Көршілеріңізбен өзара қорғаныс туралы келісіңіз. Егер олар есіктің жанында күдікті бейтаныс адамды көрсе, онда олар полиция шақырады немесе керісінше.

Егер көршілеріңіз пәтерді жалға берсе, мүмкіндігінше олармен сізді таныстыруын сұраңыз.

Айтпақшы, есіктегі «объект қорғауда тұр» деген жапсырма ұрыға ыңғайсыздық тудыруы керек.

Егер есік алдында бейтаныс адам өзін полиция қызметкері, әлеуметтік қызметкер және басқалар ретінде көрсете отырып есікті ашуды талап етсе, есік ашуға асықпаңыз. Көрсетілген ұйымға қоңырау шалып, ондай қызметкер шынымен жұмыс істей ме сұраңыз.

Егер сіздің шамыңыз кенеттен сөніп қалса, есіктен шығуға асықпаңыз. Көршінің нөмірін теріңіз, егер онда да осы проблема болса, бұл бірәудің айлакерлік жоспары емес, желіде ақаулар болғаны.

Егер пәтерден ұрлық анықталса, полиция қызметкерлерін шақырыңыз, көрші-

леріңіздің көмегімен кіреберісті күзетуге тырысыңыз және полиция келгеннен кейін ғана пәтеріңізге кіріңіз, өйткені пәтерде ұрылар жасырынып қалуы мүмкін.

Ал егер сіз бір орында отыра алмасаңыз, сізді қалай тонап жатқанын алыстан бақылап отырыңыз. Осылайша сіз қылмыскерлердің белгілерін есіңізде сақтайсыз және қауіпсіздікте боласыз.

КӘСІБИ- ГАСТРОЛЕРДЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ?

Кәсіби гастрольлер мақсатты ұзақ таңдайды, үй иелерінің күнделікті өмірін аңдып, біледі. Мұндай ұрылардың бар екенін байқау қиын емес. Белгісіз адамдар мезгіл-мезгіл аулада пайда болады, кіреберістерде бірнеше сағат бойы тұрады - бұл күдік тудыруы керек. Үй иесінің үйде болғанын білу үшін, мысалы, түскі уақытта олар есік жанындағы кілемшенің астына крекер қояды. Егер ол бүтін болса, пәтер бос тұр. Олар сондай-ақ есіктерге бірнеше белгілер қалдырады, сынған сіріңкелерді тастайды. Егер осындай әрекеттерді байқасаңыз, шара қолданыңыз. Алдымен бұл туралы көршілеріңізге хабарлаңыз. Алдын-ала ескерту - яғни сақ болу деген сөз. Пәтерден ұзақ уақытқа шықпауға тырысыңыз. Егер сіз ұзақ уақытқа кетіп жатсаңыз, онда көршілеріңізден сіз жоқ кезде пәтеріңізді қарап қоюды өтінізіз.

Өзіңіз жасаған сатып алу, кірістер, демалыс жоспарлары туралы айтып төуекел жасамаңыз. Мұны естіп қалған адам (кезекте немесе кеңседе) ұрыларды үйіңізге «бағыттауы» мүмкін.

Домофон да ұрылардың көмекшісі бола алады. Ұрылар пәтер нөмірін теріп, жауап күтеді. Жауап жоқ - үй иесі жоқ. Ал егер біреу телефон тұтқасын көтерсе, олар өздерін пошташы немесе су арнасының қызметкері деп таныстырады. Кейде олар тек «нан» сұрайды.

Беттегі мәліметтер Egov.kz ресми сайтына алынды.

2026 ЖЫЛЫ ЭНЕРГОКЕШЕНДІ ЦИФРЛАНДЫРУ БОЙЫНША ҚАНДАЙ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛАДЫ?

Мемлекет басшысы 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Энергетика министрлігі отын-энергетика кешенінің негізгі процестеріне жасанды интеллект технологияларын жүйелі түрде енгізіп келеді, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі. Министрліктің төсілі эксперименттік өзіндік емес, инфрақұрылымның сенімділігін арттыруға, апаттылықты төмендетуге және шығындарды оңтайландыруға бағытталған қолданбалы пилоттық жобаларды іске асыруға негізделген.

Қазіргі уақытта салада үш негізгі практикалық кейс жүзеге асуда: Ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдана отырып, электр беру өуе желілерін ЖИ-дефектоскопиялау. Компьютерлік көру және машиналық оқыту технологиялары 4К-камералар, жылу анықтау және лидар жүйелерінен алынған деректер негізінде тірек конструкциялары мен сымдардағы ақауларды, қызып кетулерді, деформацияларды және басқа да жасырын тәуекелдерді автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жоба шығындарды қысқарту есебінен 2,5 млрд. теңге көлемінде экономикалық тиімділік береді деп күтілуде;

Акустикалық резонанс технологиясына негізделген жылу желілерінің роботтандырылған құбыршілік диагностикасы. Бұл шешім жүйені ашпай-ақ және тоқтатпай-ақ құбырлардың жай-күйін нүктелік бағалауды қамтамасыз етеді. Бұл шешім жөндеу жұмыстарын тиімді жоспарлау арқылы 42 млрд теңге көлемінде экономикалық нәтиже бермек;

Газ саласына арналған ЖИ-ассистент, ол мобильді қосымшада түсірілген фотосурет арқылы газ есептегіштердің көрсеткіштерін автоматты түрде таниды. Бұл адам факторын азайтып, есепке алудың дәлдігін арттырады.

Аталған шешімдердің барлығы пилоттық режимде апробациядан өтіп, жоғары тиімділігін көрсетті: диагностика уақыты жеделдеді, апаттылық деңгейі төмендеді және ресурстарды үнемдеу айтарлықтай артты. Президент қойған міндеттерге сәйкес, 2026 жылы Энергетика министрлігі электр және жылумен жабдықтау салаларында ЖИ-шешімдерді пилоттық кезеңнен ауқымды енгізуге көшіруді жоспарлап отыр.

Басым бағыттардың қатарында: ЖИ-дефектоскопиядағы ақаулар классификаторларын кеңейту, магистральдық құбыржолдарда құбыршілік диагностика технологияларын енгізу, сондай-ақ газ саласындағы цифрлық сервистерді одан әрі дамыту бар.

Сонымен қатар, Министрлік жасанды интеллект технологияларын өзірлейтін отандық IT-компаниялармен қол қойылған меморандумдар аясында жүйелі ынтымақтастықты жалғастырады.

2026 жылдың Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялануы озық технологияларды жедел енгізуге және Қазақстан энергетикасын орнықты, цифрлық өрі технологиялық тұрғыдан тәуелсіз салаға айналдыруға қуатты серпін береді.

ЖЕР УЧАСКЕСІН ТЕГІН ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?



Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес жер - бұл аумағында Қазақстан Республикасының егемендігі, табиғи ресурстар, барлық кең таралған өндіріс құралдары және кез келген еңбек процесінің аумақтық негізі белгіленеді;

Сәйкес астында қарамастан олар орналасқан фактісі Қазақстан Республикасының, жекелеген жер учаскелері, аумағында барлық жер, және заңды негізде - жер қатынастары объектінің кодексінің 12-бабының) нүктесінде 14 жекелеген субъектілердің тығыздығы, жерге және жер үлестеріне құқығы;

Жер учаскесі дегеніміз - жер қатынастары субъектілеріне осы Кодексте белгіленген тәртіппен бекітілген, жабдық шекарада берілген жер учаскесі.

Жерге құқықтың түрлері
Кодекстің 20-бабының 2-тармағына сәйкес меншік құқығының субъектілері:

республика аумағындағы жерге мемлекеттік меншіктің субъектісі - Қазақстан Республикасы;

осы Кодексте белгіленген негіздерде, шарттарда және шектерде жер учаскелеріне жеке меншік құқығының субъектісі - азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар. Бұл жағдайда азаматтар деп, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар түсініледі.

Кодекстің 12-бабының 23) тармақшасына сәйкес жер учаскесіне жеке меншік құқығы дегеніміз - азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың өздеріне тиесілі жер учаскесін негіздерінде, шарттарында иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы. және осы Кодексте белгіленген шекте.

Кодекстің 12-бабының 17) тармақшасына сәйкес жер пайдалану құқығы дегеніміз - бұл адамның мемлекет меншігіндегі жер учаскесін мерзімсіз (тұрақты жер пайдалану) немесе белгілі бір мерзімге (уақытша жер пайдалану) иелену және пайдалану құқығы. өтеулі және (немесе) ақысыз негізде.

Сонымен бірге:
жер учаскесіне билік ету құқығы - мемлекеттің Қазақстан Республикасының аумағындағы жердің заңды тағдырын анықтауға заңмен қамтамасыз етілген құқығы, сондай-ақ жеке меншік иесінің өзінің жер учаскесіне қатысты мәмілелер жасау құқығы Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған (Кодекстің 11-бабы 8-тармақшасы).

жер учаскесіне меншік құқығы - жерге нақты иелік етуді жүзеге асырудың заңды түрде қамтамасыз етілген мүмкіндігі (Кодекстің 12-бабы 8-тармақшасы).

Меншік иесі мен жер пайдаланушылар жер учаскесімен не істей алады?

Кодекстің 64-бабына сәйкес , жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар, егер осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде

өзгеше белгіленбесе, онда:

жер учаскесінің мақсатынан туындайтын мақсаттарда пайдалана отырып, жерді дербес басқаруға;

жер учаскесін пайдалану нәтижесінде алынған ауыл шаруашылығы және басқа да дақылдар мен екпелер, ауылшаруашылық және басқа да өнімдер мен оларды сатудан түскен кірістерге меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару;

белгіленген тәртіпте жер учаскесінде немесе оларға тиесілі жер учаскелерінің ішектерінде, өз шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін кейінгі мәмілелерді жасамай , кең таралған пайдалы қазбаларды, екпелерді, жер үсті және жер асты суларын пайдалануға; сонымен қатар жердің басқа пайдалы қасиеттерін пайдалану;

жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жағдайда залалды толық көлемде өндіріп алуға; жер учаскелерін аймақтарға бөлуді ескере отырып, меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару, тұрғын үй, өндірістік, тұрмыстық және басқа да құрылыстарды (құрылыстарды, құрылыстарды) жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес тұрғызуға;

белгіленген құрылыс, экологиялық, санитарлық-гигиеналық және басқа да арнайы талаптарға сәйкес ирригациялық, дренаждық және басқа да мелиорациялық жұмыстарды жүргізуге, тоғандар мен басқа су қоймаларын салуға;

меншік құқығын, уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (жалдау) құқығын шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталына салым ретінде, акционерлік қоғам акцияларына төлем ретінде немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде беру .

Бұл ретте уақытша жер пайдаланушылар үшін Кодекстің 64-бабы 1-тармағының 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көзделген өкілеттіктер жер учаскесін беру актісімен немесе жалдау шартымен шектелуі мүмкін. (уақытша өтеусіз жер пайдалану туралы келісім).

Жерге құқық пайда болған кезде Айтудыңша 22-баптың 3 және Кодекстің 31-бабының 3-тармағында:

Оң жер меншік учаскесіне және құқығын жер негізінде жүреді:

мемлекеттік органдардың актілері; азаматтық-құқықтық мәмілелер;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер.

Кодекстің 26-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекет мемлекеттік органдарға, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерге берілген, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік қажеттіліктері үшін пайдаланылатын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар рекреациялық, тарихи және мәдени мақсаттар үшін алып жатқан жер учаскелерін иеленеді, орман және су ресурстары, елді мекендердің жерлерінде, қорықтарда, соның ішінде арнайы жер қорында, жайылымдар мен шабындықтарда, сондай-ақ алыс жайылымдарда және жеке меншікке берілмеген басқа жерлерде жалпы пайдалану.

Жер учаскесін қалай ақысыз алуға болады

Кодекстің 50-бабына сәйкес, осы Кодекстің 48-бабының 1-тармағына сәйкес конкурстарда (конкурстарда, аукциондарда) сатуға ұсынылған жер учаскелерінің тізіміне енгізілгендерді қоспағанда, жер учаскелері азаматтарға беріледі. Қазақстан Республи-

касы жеке меншікке ақысыз түрде келесі мөлшерде:

ауылдық жерлерде жеке қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін (үй және егістік алқаптарын қоса алғанда) - суарылмайтын жерлерде 0,25 га және суармалы жерлерде 0,15 га;

жеке тұрғын үй құрылысы үшін - 0,10 га;

көгалдандыру, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін - 0,12 га.

Осы Кодекстің 94-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, осы мақсаттар үшін жер учаскелерін бірнеше рет өтеусіз беруге жол берілмейді.

Жеке қосалқы шаруашылық (үй бөлу) және жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін жер учаскелерін жеке меншікке өтеусіз беру жер игерілгеннен кейін жүзеге асырылады. Көрсетілген мақсаттарға жер учаскелерін игеру кезеңіне беру 92-бапқа сәйкес осындай жер учаскелерін игеру шарттары мен мерзімдерін белгілей отырып, уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы негізінде жүзеге асырылады. осы Кодекстің

Ауылдық елді мекендердің аумағында ақысыз жер болған жағдайда, жеке тұрғын үй құрылысына және жеке қосалқы шаруашылықтарын ұстауға арналған жер учаскелері осы мақсаттарға берілген жер учаскелері шегінде бір массивте беріледі.

Көгалдандыруға арналған жер учаскелері Қазақстан Республикасының азаматтарына уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығы негізінде 1 гектардан аспайтын мөлшерде беріледі.

Жеке тұрғын үй салу үшін мемлекеттен жер учаскесін ақысыз алу

Әрекет ету бұйрығымен бекітілген жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне құқықтар ережесі . 27 наурыз жылғы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы № 255 (бұдан әрі деп аталатын ережесін) Қазақстан Республикасының және оның азаматтарына жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін ұсыну тәртібін айқындайды қандастардың сәйкес Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабы 1-тармағының 16-5) тармақшасы.

Жоғарыда аталған Қағидалардың 5-тармағына сәйкес, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін алу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары мен қандастар жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін құқық негізінде беру туралы еркін нысанда өтініш береді. сұралып отырған жер учаскесінің орналасқан жері бойынша уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) (бұдан әрі - өтініш):

республикалық маңызы бар қаланың және астананың шекараларында - республикалық маңызы бар қаланың және астананың өкімдігі;

облыстық маңызы бар қала шекарасында - облыстық маңызы бар қала өкімдігі;

аудандық маңызы бар қала шекарасында - аудандық маңызы бар қала өкімдігі;

ауыл шекарасында - ауыл өкімі;

ауыл шекарасында - ауылдың, ауылдық округтің өкімі.

Ереженің 6-тармағына сәйкес өтінімде:

жер учаскесін пайдалану мақсаты; оның болжамды мөлшері;

орналасқан жері;

сұралған пайдалану құқығы, жеке тұрғын үй құрылысы үшін мемлекет бұрын ақысыз негізде берген басқа жер учаскесінің болуы (болмауы).

Зілді әзіл...

Саяси мақала

Басқа газетке бармақ болып едім, сәті осы орталық басылымға түсе қалған болу керек, осында келе қойдым. Редактор кезекті нөмірді қарап отыр екен. Жауапты хатшысын шақырып, нұсқаулар берді де, ол шығып кетті. Артынша тілшілер келді. Кейін бір нәрсесі ұмыт қалған болу керек, хатшы қайта кіріп, тілшілерді шығарып жіберді. Мен осы аралықты пайдаланып, қолымдағы жазғандарымды ұсындым.

— Бұл не? — деді күнтізбені парақтап отырған редактор мырза.

— Мақалаларым.

— Мақала екенін көріп тұрмын ғой, тақырыбы қайсы?

— Бәрі де бар.

— Мынау тәрбиелік мәні бар мақалалар, мынау — әлеуметтік, экология жайындағы. Ауыл туралы жазғандарымды кейінге қалдырып, басқаларын алдыңызға жайып салдым.

Ол асықпай қарап шығып:

— Айналайын-ау, — деді. — Тәрбиелік мәні бар мақалаңызға алып-қосарым жоқ. Әлеуметтік мәселелер де жақсы. Бірақ білесіз бе, бізде көбіне саяси мақалаларға орын беріледі. Сол тақырыпта қалам тербесеңіз, дүниелеріңізді бірінші бетке берер едім, — деп қулана жымиды.

Ал мен саяси мақала жазуды «қатыратынмын». Керегі сол болса, қазір-ақ жазып келейін деп елпілдедім. Сосын еліміздегі саяси мәселелерді ойлегінен өткізе бастадым. Әрине, ең өзекті тақырып — жақында өтетін сайлау. Осы жайында жазғаным жөн болар деп, депутаттыққа үміткер Мәкен деген азаматтың үйіне қарай құстай ұштым.

Мәкен мырза сайлаушылармен кездесуге асығып жүрген болу керек, қара «Мерседесін» жуып-шайып, оталдырып отыр екен. Келіп рөліне жабыстым.

— Саяси мәселелер жөнінде мақала жазуым керек еді...

— Не, саяси мақаланы менің қойныма тығып қойып па? Жаза беріңіз, — деді ол.

— Мәселе сонда болып тұр. Сізді саяси тұлға ретінде іздеп келдім. Бағдарламаңыз жөнінде айтып берсеңіз.

— Оның қажеті қанша?

— Саяси мақала жазуым үшін.

— Сұрай беріңіз.

— Сонымен, үгіт-насихат жұмыстарын бастап кеттіңіз ғой?

— Бастап кеттік.

— Ұн тараттыңыз ба?

— Тараттым.

— Пісте май ше?

— Оны да.

— Күріш?

— Үлестірдік.

— Ауыл ақсақалдарымен кездестіңіз бе?

— Кездестім.

— Еңбек ұжымдарында болдыңыз ғой?

— Болдым.

— Айтыңызшы, Мәкен мырза, алдыңғы үгіт-насихат жұмыстарынан қазіргі насихаттың өзгешелігі қандай?

Айтқандарын қаз-қалпында жазып алып, «саяси мақала деген осы шығар» деп ойлады да, редакторға қарай тіке тарттым.

— Жазып келдім! — дедім ентігімді баса алмай.

— Қане, беріңізші, саяси ме, саяси емес пе — оқып көрейін, — деді ол.

Оқып шықты. Мақтайды деп ойлағанмын. Бірінші бетке береді деп үміттендім. Бірақ бәрі керісінше болды.

— Біріншіден, мынауыңыз саяси мақала емес, сандырақ! Бұл — сайлаушыларға таратылған ын-таландыру сыйлықтарының тізімі.

— Екіншіден, сайлау сіз жазсаңыз да, жазбасаңыз да өтеді. Ал бізге қалың жұртты елең еткізер саяси жаңалық керек.

— Саяси жаңалық дегеніңіз — нақ осы емес пе?

— Дәлелдеп беріңіз.

— Бұрын бірінші сортты ұн таратып, соңынан қант беретін. Қазір жоғары сортты ұн мен шақпақ қант берді. Бұрын екі қорап шай болса, қазір үшеу. Бұл жаңалық емес пе? Бұдан артық саяси жаңалықты қайдан табасыз? — деп беріле кеттім.

— Құрметтім-ау, — деді редактор көзілдірігін түзеп, қаламсабымен үстелді тақылдатып, — сіздің

тәрбиелік, әлеуметтік мақалаларыңызға шүбәм жоқ. Бірақ мына сайлау туралы дүниенізді жариялай алмаймын.

Бұл сөз маған төбемнен ұрғандай өсер етті. Бір сөтке есімді жоғалтқандай болдым. Жазғандарымды тағы бір қарап шығып, үміткер мырзаға қайта бардым.

— Мақаламның бірінші бетке басылуы сіздің жауабыңызға байланысты, — дедім. — Барынша саясиландырып айтып беріңіз.

— Айтайын, — деді Мәкен мырза.

Ол айтты, мен жаздым:

— Зейнетақыны 70 пайызға арттырамыз.

— Дұрыс-ақ.

— Ауыз сумен қамтамасыз етеміз.

— Жөн екен.

— Спорт клубтарын ашамыз.

— Сенейік.

— Бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын көбейтеміз.

— Жақсы.

— «Дипломмен ауылға» бағдарламасын іске асырамыз.

— Дұрыс.

— Салауатты өмір салтын қалыптастырып, темекі мен ішімдікке қарсы күрес жүргіземіз.

— Тамаша!

— Болды, тоқтатыңыз! — дедім.

Редакторға қайта бардым.

— Міне!

— Жазып келдіңіз бе?

— Жазып келдім.

Ол оқып шығып:

— Бұл да саяси мақала емес.

— Енді ше?

— Жай жарнама.

Сөйтіп, менің мақалам бірінші бетке шықпады. Сіз қалай ойлайсыз, құрметті оқырман? Бұл жазғаным саяси мақала ма, әлде емес пе?

Нарық заманының талабы

Жұрт мені тамыр-танысы аз, жоқ-жүкнәлау адам деп ойлайды. Бірақ олай емес. Нарық заманында кімге қалай сөйлеу керекін, қалай жағыну қажет екенін жақсы білемін.

Бұл — қазіргі нарықтың талабы. Яғни, оқиғаға білдірмей кіріп кету.

Мысалы, мен беделді бір концерт мекемесінің алдында тұрмын делік. Көп ұзамай өнер адамдары келіп, олармен қол алысып амандасамын. Сырт көзге солармен етене таныс адамдай, ал оларға осы мекеменің нағыз іс жүргізушісіндей көрінемін.

Сонда таныстарым мені іскер ұйымдастырушы деп ойласа, ал өнер адамдары мені осы театрдың көреген қызметкері деп қабылдайды.

Маған керегі — екі жақтың да алдында бедел жинау. Ауыл адамдары өнер шеберлерінен сұрап жатпайды ғой. Бастысы — өзімді екі ортада тең ұстау.

Тексерушілер келе қалса, жолды, жаңа моншаны, мектеп пен шаштаразды көрсете қоямын. Сонда ешкім мен туралы жаман айтпайды.

Ал маған керегі — екі ортадан жол табу. Өне, сонда уақытша болса да жұмыс табылып қалады.

Өзіңе-өзің жұмыс табу — нарық заманының басты талабы.

Қорқынышты қалай бастым

Қымбатты оқырман! Әрқашан сіздерге өзім бастан өткерген шындықты айтуға тиіспін. Неге дейсіздер ғой.

Мен заң орындарынан, түрлі өкілетті мекемелерден келетін ескертпе мен шақыру хаттарынан қатты қорқатын болдым. Дәлірек айтсам, әр хатты ашар алдында буындарым қалтырап, «мынасында не бар екен, анасында не жазылған?» деп үрейленетінмін.

Олардың әдеті — хатты кез келген адамнан: жарық тексерушіден, аптасына бір келетін қоқыс тазалаушыдан, тіпті мал айдайтын бақташыдан да беріп жібере салатын. Сенесіздер ме, соның салдарынан рефлекс қалыптасып, үйге біреу келе жатса болды, қорқатын халге жеттім. Қолында шақыру хаты бар ма, жоқ па деп алаңдаймын.

Бірақ сіздер мені момын, көнгіш адам деп ойлап қалмаңыздар. Тығырықтан шығудың жолын іздей бастадым. Ақыры бір шешімін таптым.

Теледидардан дәрігерлер мен жарнамада сөйлейтін мамандардың «жаттығумен үзбей айналысқан адам қорқыныштан арылып, өзіне сенімді болады» дегенін еститінмін. «Неге осыны қолданып көрмеске?» деп ойлады да, жаттығуға кірістім.

Сол күні үлкен немерем сабақтан келе сала, ұстай алдым.

— Қазір сен қоқыс тазалаушысың, — дедім. — Образға кіресің де, қолыңдағы хатты маған әкеп тапсырасың.

Жақсы оқитын бала ғой, «қоқыс тазалаушы» дегенге көзі атыздай болды.

— Ата, не айтып тұрсыз? — деп шалқасынан түсе жаздады.

— Әй, бұл — рөл! Заң орындары хатты кім көрінгеннен беріп жібереді. Ал мен болсам, буындарым қалтырап, өрең оқимын. Соған алдын ала репетиция жасап үйренуім керек, — дедім.

Рөл дегеннен кейін немерем бірден келісті.

— Тық-тық! Үйде кім бар?

— Мен! — дедім де, есікті аштым. Тізем дірілдеп қоя берді.

Немерем хатты ұсынады. Сыртында «Қазпошта», мөрі де бар. Үшкі істер бөлімінен келген хат. Изім ұйымдастырған соң ішінде не жазылғанын білемін, бірақ бәрі табиғи болуы үшін ашып оқыдым.

Жусанды ауданы, Бозашы ауылының тұрғыны Сәрсен Дауылбаевқа.

Хабарлама:

Сіздің арызыңыз бойынша қозғалған іс қылмыстық белгілердің болмауына байланысты ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 2-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылды. Келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға шағымдануға құқылысыз.

Анықтаушы, аға лейтенант Б. Бейсебаев.

Алғашында рефлекс ұстап, шошып кеттім. Артынша күле бастадым. Қалай күлмейсің — жаттығу үшін жасағаным тігісін білдірмей шықты ғой! из тапқырлығыма өзім де риза болдым.

Ертесіне екінші немеремді ұстап алып:

— Сен бақташысың ба, әлде мал дәрігерісің бе — өзің біл. Қысқасы, мына хатты алып, заң орнынан келді деп маған тапсырасың, — дедім.

Балдашы дегенге намыстанып қалды ма деймін.

— Неге бақташы болуым керек? Мұғалімнің рөлінде тапсырайын, — деді.

Бірақ келіспедім. Мұғалімнің рөлін кейін кіші қызыма қалдырғанмын. Жаттығу болса да, жүйелі болсын дедім.

— ий, үйде кім бар?

— Мен!

— Ит жоқ па?

— Қаппайды, байлаулы!

Хат қалалық соттан деп келіскенбіз. Немерем хатты қолыма ұстата салды. Жаттығу ғой, мазмұнын білсем де оқып шықтым.

Жусанды ауданы, Бозашы ауылының тұрғыны Сәрсен Дауылбаевқа.

Сізге Ақарқа қаласы Жайылма аудандық соты Б. Еділбаев пен С. Көмекбаевты ҚР ҚК-нің 130 және 131-баптары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту жөніндегі қаулының көшірмесін жолдайды.

Судья Д. Жақыпов.

Қысқасы, дәлелім жеткіліксіз болғандықтан, сотқа қайта шағымдануға құқылы екенім түсіндіріліпті. Таңғалатыным — мен шағымдансам «қылмыстық белгі жоқ» дейді, ал қарсы тарап шағымданса, заңның бәрі аяқ астынан қозғалып шыға келеді.

Бұдан кейін «ҚазТрансГаздан», салық инспекциясынан да хаттар келе берді. Немерелерім әкеледі, мен жаттыға беремін. Кемпірім болса, плюс екі жарым көзілдірігін тағып алып, бір газеттегі өнбейтін уәделерді оқып отырады.

— Әй, алжыған, не істеп жүрсің? — деді бірде.

— Жаттығып жүрмін.

— Неге?

— Заң орындарынан келетін хаттарға.

— Балаларға тыныштық бер! — деді ол.

«Қалай шақырарын өздері біледі» дегені маған тоқтам болды. Немерелеріме репетиция бітті дедім.

Ұқаным сол — бойымдағы қорқыныш пен үрей басылды. Енді хатты көше сыпырушы әкелсе де, жарық тексеруші әкелсе де, тойға шақырғандай жайбарақат қабылдайтын болдым.

Ералхан ЖЫЛҚЫАЙДАРУҒЫ.



Открылось наследство

***Открылось наследство после смерти гр. Азбергенова Мусилима, умершего 01.10.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Алимову Е.Р. Туркестан. обл. с. Рыскулова ул. Жантурова 22. тел. 8 701 164 16 40.

***Открылось наследство после смерти гр. Кенжаевой Мухофата Максимовны, умершей 10.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Сарыбаеву Т.М. г. Шымкент ул. Жибек жолы 37/1 тел. 8 701 747 62 24.

***Открылось наследство после смерти гр. Ботбаевой Асилхана Абдыкалыковны, умершей 18.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Калтаевой Э. г. Шымкент ул. Иляева 22. тел. 8 701 721 43 85.

***Открылось наследство после смерти гр. Акрамова Нурхаджи, умершего 09.02.2019г. Наследникам обращаться к нотариусу Акшабаевой А.А. г. Шымкент ул. Иляева 22-20. тел. 8 702 309 40 09.

***Открылось наследство после смерти гр. Бозтай Ержана Муратулы, умершего 06.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г. Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

***Открылось наследство после смерти гр. Мурзахметова Марата Рамазановича, умершего 31.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ешаевой Г.Д. г. Шымкент ул. Байтерекова 89 тел. 8 771 655 75 23.

***Открылось наследство после смерти гр. Ким Валерия Яковлевича, умершего 28.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Батыршаевой К.Ж. г. Шымкент ул. Туркестанская 2/3. тел. 8 701 717 38 91.

***Открылось наследство после смерти гр. Мауленова Кахара Шымырбаевича, умершего 08.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г. Шымкент мкр. Нурсат 39/1 тел. 8 777 686 66 13.

***Открылось наследство после смерти гр. Калтаева Рауана Атирхановича, умершего 11.08.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мирзакелдиевой А.Т. г. Шымкент пр. Республики 27/24 тел. 8 701 554 77 21.

***Открылось наследство после смерти гр. Бегалиева Галымжана Абдазимовича, умершего 08.10.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Маханбетовой К.Т. г. Шымкент мкр. Терискей дом 1-9 тел. 8 775 196 18 12.

***Открылось наследство после смерти гр. Тойшиева Темирбека Анарбековича, умершего 06.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Мамыковой Н.Т. г. Шымкент ул. Кабанбай батыра 18/4 тел. 8 702 996 27 79.

***Открылось наследство после смерти гр. Кадирова Альсеита, умершего 09.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандарбековой Н.Ж. г. Шымкент ул. Дулати 203/А. тел. 8 705 410 09 24.

***Открылось наследство после смерти гр. Калдарова Сыдыкбека Алимбековича, умершего 22.06.2020г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г. Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

***Открылось наследство после смерти гр. Каманова Нуриддина Ускенбаевича, умершего 07.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г. Шымкент ул. Рыскулова 80 тел. 8 707 848 38 58.

***Открылось наследство после смерти гр. Денецук Ольги Николаевны, умершей 03.08.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Акмарал г. Шымкент ул. Рыскулбекова 5/5 тел. 8 701 716 27 81.

***Открылось наследство после смерти гр. Ванник Тамары Алексеевны, умершей 26.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебековой А.М. г. Шымкент пр. Республики 20/24. тел. 8 701 550 09 89.

***Открылось наследство после смерти гр. Большбекова Умирбека, умершего 04.01.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Амирханову Е.Н. г. Шымкент пр. Кунаева 59 тел. 8 777 417 71 77.

***Открылось наследство после смерти гр. Мамедова Шахрала Мамоевича, умершего 06.10.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г. Шымкент ул. Мадели кожа 1 г. тел. 8 771 383 43 47.

***Открылось наследство после смерти гр. Тлеуовой Калилы Кудайбергеновны, умершей 14.10.2025г. Наследникам обращаться к

нотариусу Кадыровой Л.К. г. Шымкент Ташкентская трасса б/н тел. 8 775 185 44 34.

***Открылось наследство после смерти гр. Юргец Елены Ивановны, умершей 17.07.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Карабаевой Р.К. г. Шымкент ул. Рыскулова 80 тел. 8 701 741 27 45.

***Открылось наследство после смерти гр. Мурзаева Талгата Лесбековича, умершего 26.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жолшыбековой Н.Е. г. Шымкент ул. Жибек жолы 9 тел. 8 701 710 99 38.

***Открылось наследство после смерти гр. Расулова Максада Ахметовича, умершего 30.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Накиповой А.Ш. г. Шымкент ул. Толеби 39. тел. 8 778 591 80 98.

***Открылось наследство после смерти гр. Оразымбет Камилы Шекербекқызы, умершей 09.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Казбекқызы Б. г. Шымкент мкр. Карасу 54-31 тел. 8 702 914 23 25.

***Открылось наследство после смерти гр. Пчелинцевой Елены Федоровны, умершей 13.10.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г. Шымкент ул. Калдаякова 8-7. тел. 8 776 223 64 50.

***Открылось наследство после смерти гр. Самбетова Мурата, умершего 16.08.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Бурабай А.К. Туркестан. обл. с. Рыскулова ул. Рыскулова 290 тел. 8 708 824 79 95.

***Открылось наследство после смерти гр. Уйсимбаева Исабека Кузембаевича, умершего 30.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г. Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

***Открылось наследство после смерти гр. Калита Николая Федоровича, умершего 31.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Момыновой Г.С. г. Шымкент ул. Айбергенова 10-38. тел. 8 701 717 80 58.

***Открылось наследство после смерти гр. Дурневой Галины Александровны, умершей 29.08.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г. Шымкент ул. Уалиханова 219-41. тел. 8 777 887 47 77.

***Открылось наследство после смерти гр. Калдыбаева Нурмана Тутжановича, умершего 20.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ешаевой Г.Д. г. Шымкент ул. Байтерекова 89 тел. 8 771 685 75 23.

***Открылось наследство после смерти гр. Таубаева Берика Дуйсенбаевича, умершего 01.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г. Шымкент мкр. Нурсат 39/1 тел. 8 777 686 66 13.

***Открылось наследство после смерти гр. Алиева Дмитрий Федоровича, умершего 07.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Айнабаевой С.И. г. Шымкент ул. Сайрамская 235/1 тел. 8 705 285 07 08.

***Открылось наследство после смерти гр. Турсунбаева Равшанбека Игамбердиевича, умершего 12.08.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г. Шымкент ул. Калдаякова 8-7 тел. 8 776 223 64 50.

***Открылось наследство после смерти гр. Сыдыкова Абдимуталипа, умершего 23.01.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Измахановой Г.К. Туркестан. обл. с. Темирлан ул. Рыскулова 5/1 тел. 8 771 600 32 00.

***Открылось наследство после смерти гр. Кожамкул Арыстанбека Сабденулы, умершего 15.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г. Шымкент ул. Рыскулова 80 тел. 8 707 848 38 58.

***Открылось наследство после смерти гр. Сабдена Нагызбека Байсейтулы, умершего 25.10.2019г. Наследникам обращаться к нотариусу Усмановой А.А. г. Шымкент ул. Иляева 17 тел. 8 776 359 59 14.

***Открылось наследство после смерти гр. Калдыбековой Гулдаригы Досымбековны, умершей 09. 01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Оспановой А.Ж. г. Шымкент пр. Республики 21 тел. 8 707 616 49 34.

***Открылось наследство после смерти гр. Ниязова Арипбая, умершего 22.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Тогызбаевой Г.Ж. Туркестан. обл. г. Ленгер ул. Толеби 360 тел. 8 778 965 48/ 58.

Ликвидация

*** Производственный кооператив "Мамыр" объявляет о своей ликвидации БИН 920640000855, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент мкр. Куншыгыс дом 35 кв.17.

***"ТОО"Ханжал" объявляет о своей ликвидации БИН 110940007428, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Туркестан ул. Шанина дом 6.

*** ТОО "Шымкент АГРОСЕРВИС" объявляет о своей ликвидации БИН 090840011604, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент ул. Кашурникова дом 74.

*** ТОО"Вайсун" объявляет о своей ликвидации БИН 190840016636, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент мкр. Самал-3 дом 4051.

***ТОО "Сенім Юг" объявляет о своей ликвидации БИН 161240002969, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент ул. Хлопковая дом 85.

***ТОО "Бақжан-2021" объявляет о своей ликвидации БИН 210740010263, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент мкр. Кайтпас ул. Кахарман дом 113.

***ТОО"ADAL KSM" объявляет о своей ликвидации БИН 240240006064, все пре-

тензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент ул. Жангельдина 26/3.

*** ТОО "Центр независимой экспертизы собственности" объявляет о своей ликвидации БИН 120140019365, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент мкр. Наурыз ул. Жана арка 15.

***ТОО "Школа Zaman Туркестан" объявляет о своей ликвидации БИН 220440031633, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Туркестан ул. Дибеева стр. 29 А.

***ТОО"AVACOM" объявляет о своей ликвидации БИН 020740003341, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент пр. Тауке хана дом 63.

***ТОО"Prime LTD Company" объявляет о своей ликвидации БИН 121240014747, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент ул. Росси дом 62.

*** Костанайский филиал ТОО"AVACOM" объявляет о своей ликвидации БИН 070941001906, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент ул. Абая 65.

***Потребительский кооператив "ВЕСНА" объявляет о своей ликвидации БИН 040440023456, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент ул. Даулова дом 1.

Жарамсыз деп танылсын

***Утерянный документ ИП" Менлибекова" ИИН 730216402178, бланк на международные перевозки грузов Беларусь 3 страна Б №5384049 считать недействительными.

***Утерянный документ ИП"Исмаилов" ИИН86013302136, бланк на международные перевозки грузов Беларусь 3 страна №5384225 считать недействительными.

***Утерянный документ вид на жительство Казахстана №58496249 на имя Тошболтаева Алишера Бахтиер углы, считать недействительными.

***Утерянный документ положение и печать Филиала Республиканского общественного объединения "Ветераны военных сил мирного договора" Мурагер" по Туркестанской обл" считать недействительными.

***Утерянный документ Положение и регистрация ОО зарегистрированные в депортamente юстиции от 08.07.2021г. Общественное объединение" Федерация спортивного и боевого самбо г. Шымкент" считать недействительными.

***1991ж. Ибрагимов Бақдаулет Шегебаевич атына тіркелген, ОН №1524 ҰҰ 088947 қызметтік куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы
Төрбек ТЕМІРБЕКҰЛЫНЫҢ
 Қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор
Арайлым ӘБСАПАТ - журналист

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
 160000, Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29. E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz
 Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
 Мұхтар СЕРІКБАЕВ - Тарату бөлімі
 Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі

65836

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «М-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А. Байтұрсынұнов көшесі, 18.

Талсырыс: И-017
 Таралымы: 5100

Нөмірдің кезекті редакторы - Аружан МАТТАЙ

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асытын материалдар қабылданбайды. «Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

КӘСІПКЕРЛЕР НЕНІ БІЛУ ҚАЖЕТ?

Жаңа Салық кодексі аясында арнаулы салық режимдерінің саны қысқартылды, яғни олар үшке дейін оңтайландырылды. Бұған дейін олардың саны жеті болған. Қазіргі таңда үш арнаулы салық режимі қалды. Біріншісі – оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі. Екіншісі – өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнаулы салық режимі. Үшіншісі – шаруа және фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі.

Осы режимді қолдануды жоспарлап отырған салық төлеушілер 2026 жылғы 1 наурызға дейін қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама ұсынуы қажет. Егер көрсетілген мерзімде хабарлама ұсынылмаса, салық төлеушілер 2026 жылғы

1 қаңтардан бастап автоматты түрде жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне ауыстырылады.

Хабарламаны: 1. Салық төлеушінің кабинеті (АЖ СӨИЖ жүйесінде); 2. «E-Salyq Business» арнайы мобильді қосымшасы; 3. Қағаз нұсқада орналасқан жері бойынша МКБ арқылы; 4. Банктердің мобильді қосымшалары арқылы (қазіргі уақытта бұл сервис Kaspi Bank, Halyk bank іске асырылған) беруге болады.

Қаратау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы кәсіпкерлерді мүмкіндіктерді пайдалануға шақырады.

Ұ.З.МАМЫРБЕКҰЛЫ,

Қаратау ауданы бойынша МКБ, салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас маманы

ЕЛІМІЗДЕ Өңірлік ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САММИТ ӨТЕДІ

2026 жылдың 22-24 сәуірі аралығында Қазақстан астанасында қоршаған орта мен су ресурстары проблемаларын талқылау және өзекті мәселелер бойынша келісімдерге қол жеткізу үшін мемлекет басшыларын, сарапшылар және халықаралық ұйымдардың жетекшілерін бір алаңда біріктіретін алғашқы Өңірлік экологиялық саммит өтеді, деп хабарлайды ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Іс-шара мақсаты – қоршаған ортаға қатысты мәселелерді шешудің бірлескен практикалық шешімдерін шығару үшін ашық халықаралық платформа құру.

Орталық Азия елдерінен, Еуропалық Одақтан, ШЫҰ-

нан және Таяу Шығыстан шамамен 1500 қатысушы ағымдағы мәселелерді талқылау және мемлекетаралық келісімдерге қол жеткізу үшін саммитке қатысады деп күтілуде.

Саммитте негізгі 8 тақырып бойынша мәселелер талқыланады. Олар:

Экологиялық және табиғи төуекелдерге бейімделу және экономикалық орнықтылық;

Азық-түлік қауіпсіздігі және өңір экожүйесі

Табиғи ресурстарды орнықты басқару;

Атмосфералық ауаның лас тануымен күрес және қалдықтарды басқару;

Экологиялық амбицияларға қол жеткізу тетіктері;

Әділетті және инклюзивті

өтпелі кезең;

Экологиялық және цифрлық құзыреттер;

Климаттық өтуді қолдау.

Саммит аясында Орталық Азия мемлекет басшылары тарапынан ортақ декларация қабылдау жоспарланып отыр.

2026 жылы БҰҰ-мен серіктестікте Өңірлік экологиялық саммитті (ӨЭС 2026) өткізу ұсынысын Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-ші сессиясы барысында жариялаған болатын.

Саммиттің халықаралық серіктестері: БҰҰ, ЭЫДҰ, ХЭА, ХЖЭА, АДБ, ДБ, ЕКҚДБ, IWMI, SWITCH-Asia.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Turkestan Agro.kz» ЖШС, Түркістан облысы, Арыс қаласы, Қожатоғай ауылы, квартал 032, учасок 207 мекенжайы бойынша «50 000 бас ірі қара малды бордақылау кешенін кеңейту» жобасы бойынша ІІ санатты объектісі үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Талқылау күні: 05.03.2026ж., сағат 12:00.

Талқылау өтетін орны: Түркістан облысы, Арыс қаласы, Қожатоғай ауылы, Майлы қожа көшесі 1, әкімдік ғимараты.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Turkestan Agro.kz» ЖШС

Онлайн конференцияға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGR-OYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596,

Кіру коды: 123456.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен осы сілтеме арқылы танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>

Жобаны әзірлеуші: «Tumar Construction Group» ЖШС

эл.пошта: tcg_21@mail.ru

Байланыс тел: 8(776)7417047

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Turkestan Agro.kz» объявляет о проведении общественных слушаний в виде открытого собрания по материалу для получения экологического разрешения на возведение для объекта II категории, по проекту Расширение откормочного комплекса на 50000 голов крупного рогатого скота, по адресу: Туркестанская область, г.Арысь, с.Кожатоғай, 032 квартал, 207 учасок.

Дата обсуждения: 05.03.2026 г., 12:00.

Место обсуждения: Туркестанская область, с.Кожатоғай, ул. Майлы қожа 1, зданиі акимата.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Turkestan Agro.kz»

Ссылка на онлайн-конференцию:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGR-OYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596,

Код доступа: 123456.

С пакетом проектной документацией можно ознакомиться на Едином экологическом портале: <https://ndbecology.gov.kz/>

Разработчик: ТОО «Tumar Construction Group»

Адрес эл.почта: tcg_21@mail.ru

Контактный тел: 8 (776)7417047

М.О.Әуезов атындағы ОҚЗУ ректораты, Ғылым департаменті және филология факультетінің ұжымы көрнекті әдебиеттанушы-ғалым Саттар Досалыұлы Өмірзақовтың інісі **Жәнібек Досалыұлы ӨМІРЗАҚОВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Түркістан облысы, Келес ауданы әкімінің орынбасары Дәурен Сариевке өкесі **Нұрлан САРИЕВТИҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ХАЛЫҚ ЕМДЕРІ

БАС АУРУДАН АЙЫҚТЫРАТЫН ТӘСІЛДЕР

Бас ауырғанда қызылшаның сөліне батырылған мақтаны құлаққа тығып қою керек.

1 шай қасық көктікеннің гүлін 1 стакан қайнаған суға бұқтырып, 20 минут тұндырады. Күніне 1/4 стаканның 3-4 рет тамақ алдында ішеді.

Бір стакан езілген алмұртты 0,5 суда 4 сағат тұндырады. Сүзіп алып, бас ауырғанда ішеді.

Қыш стаканның 2/3 бөлігіне қайнаған су құяды. Суға бетін тосып, басын қалың орамалмен бүркеп отырады. 15 минут тыныс алып, жақсылап сүргініп, төсекке жату керек. Сонда бастың ауырғаны жазылады.

Күнделікті тамақ ішкенде, 1 шай қасық балды 1 шай қасық алма сірке суымен араластырып жеу керек.

Күнделікті жаңғақ, мейіз, ірімшік жеу де бас ауруынан айықтырады.

ҚАН ҚЫСЫМЫН ТӨМЕНДЕТЕТІН АМАЛДАР

Үш қызылшаны аршып майдалап турау керек. 1 литр қайнаған су құйып қақпағын жауып, 12 сағат тұндырып қояды. Сосын қасық лимон шырынын және 4 ас қасық бал қосады. Күніне 3 рет 1/2 стаканның тамақтан соң қабылдайды.

10-20 г майдаланған бүргеннің тамырына 2 стакан қайнаған су құяды. Жарты сағат қайнатып, сүзгіден өткізеді. Күніне 3-4 рет бір ас қасықтан қабылдау керек.

ЗАТ АЛМАСУДЫ РЕТТЕЙТІН ТӘСІЛДЕР

Сасықшөп (пустырник) пен ақшайырдан (сүшеница) үш бөліктен, қызанақтан (багульник) екі бөлік, қырықбуын (хвош) мен итшомырдан (крушина) бір бөліктен алып, бәрін ұсақтайды да, араластырады. Қоспадан 2 ас қасық алып, үстіне 2,5 стакан қайнаған су құяды. Баяу отта 10 минут ұстау керек. Сосын сүзіп, күніне 3 рет тамақтан соң 1/3 стаканның қабылдайды.

10 г итшоған, 5 г грек жаңғағы жапырағынан, 20 г шегіргүлден, 15 г иттікен тамыры мен қойбүлдірген жапырағынан, 10 г қалақай гүлінен, мыңжапырақ гүлдестесінен, қарақаттың жапырағынан құйып, баяу отта 10 минут қайнатады. Тұнбаны 1 сағаттан соң 30 мл ішеді. Тері аурулары кезіндегі қан тазалайтын ем ретінде де пайдалы.

ӨСІМДІК МАЙЫМЕН ШЛАК ШЫҒАРУ

Шлак шығару үшін аузыңызды толтырып өсімдік майын ішіңіз де ауыз қуысынан сонымен 10-15 минут шайыңыз. Көппит сорған секілді. Сосын майды түкіріп тастайсыз да, аузыңызды бактерияға қарсы кез келген шөппен шаясыз. Мұндай тазалауды таңертең және кешке таман жасаған жөн.

САРЫМСАҚ ТҰНБАСЫ

350 г сарымсақты үккіштен өткізеді. Сол көптеу астыңғы бөлігінен 200 грам алып, шыны ыдысқа салады. Үстіне 200 мл спирт қосады. Қақпағын тығыз жауып, қараңғы жерге қояды. Он күннен кейін сүзіп, сығып алады. Тұнбаны төменде көрсетілген кесте бойынша ішу керек: 2 тамшыдан бастап, 25 тамшыға жеткізеді. Тамшыларды ширек стакан суық сүтке қосып ішеді. Күніне үш реттен ішу керек. Тамақ алдында 15-20 минут бұрын ішу шарт. Ем мерзімі -11 күн. Емді алты жылдан соң қайталау керек.

ТАМАҚТАН ҰШЫНУ КЕЗІНДЕГІ ЕМДІК ТӘСІЛДЕРІ

1 шай қасық ұсақталған жанжабәлді 0,5 л қайнаған суға салады. Жарты сағат тұндырады. Тұндырылған шайды 2-3 сағат сайын жүз грамнан ішеді.

1 шай қасық ұсақталған жалбызтікен тамырын 0,5 л қайнаған суға жарты сағат тұндырады. Күніне 4 рет бір ас қасықтан ішеді.

ҚАРАҚҰМЫҚ ЖАҚПАМАЙЫ

Қарақұмық ұнтағын суға езіп, қоймалжың жасап, жарасы бар тұстарға (күйік, сыздауық) жағып қояды. Құрамындағы флавоноидтардың арқасында қарақұмық ісіктердің алдын алуда аса тиімді.

РАХИТКЕ ҚАРСЫ ЕМ

1 ас қасық кепкен өрі ұсақталған иттікеннің тамырын 2 стакан қайнаған су құйып қайнатады. Суытып, бір күннің ішінде ішіп тауысу керек.

БАУЫРЫҢЫЗҒА ПАЙДАЛЫ

Бауырыңызды емдеу асқабақтан ерітінді жасап қойыңыз. Қанық қызғыш түсті асқабақтың мұрты бар төбесін кесіп алып, ішіндегі дөңдері мен жіпшелерден тазартыңыз. Тазартылған соң, оның ішіне 1 стакан арақ құйып, 3 ас қасық бал, 1 ас қасық даршын (корица) және 1 ас қасық үгілген қалған тамырын салыңыз. Оған және 20-30 түйір асқабақ дәнін, бір шым-шым ұнтақталған қара бұрыш қосыңыз. Асқабақтың кесілген бөлігімен бетін жауып, салқын жерге қойыңыз.

Бір апта уақыт өткен соң, сұйықтықты сүзгіден өткізіңіз, ал асқабақтың кесілген бөлігімен бетін жауып, салқын жерге қойыңыз. Бір апта уақыт өткен соң, сұйықтықты сүзгіден өткізіңіз, ал асқабақтың қабығын аршып, жұмсағын шырын жасайтын құралмен үгіңіз. Асқабақ жұмсағынан жасаған шырынды бастапқа ертіндімен араластырыңыз. Қоспаны тоңазытқышқа салып сақтаңыз. Күніне 2 рет ас алдында 1 ас қасықтан қабылдап отырыңыз. Мұндай қоспаның сіздің бауырыңызға бірден жағатыны сөзсіз.

«Қарапайым халық емдері» кітабынан үзінді.